



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

94 М.Ж.
Т
К.



ТҮРК ӘЛЕМІ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Халықаралық Түрктану симпозиумы мақалалар жинағы
2011 жылғы 28-29 сәуір

Астана, 2011

М. ЖОЛДАСБЕКОВ,

филология ғылымдарының докторы,
профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана/ Қазақстан

БҮГІНГІ ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлы даланы ен жайлаған байырғы көк түркілер мемлекеттіліктің өзіндік үлгісін орнықтырғаны тарихтан белгілі. Қазақстан аумағында пайда болып, ірге көтерген байырғы түркі мемлекеттерінде отырықшы мәдениетімен ұштасқан көшпелі өркениетке тән ерекше саяси билік жүйесі мен өзіндік дәстүрі бар бірегей қоғам қалыптасты.

Дүниенің төрт бұрышын алған, дүниенің төрт бұрышы соларға қараған Түркі қағанаты б.з. 552 жылы құрылып, ұланғайыр далада іргелі мемлекет болып тарих сахнасына шықты. Көк түркілер кейін Қытайдағы Сүй хандығының құлап, Таң патшалығының орнығуына тікелей ықпал етті. Артынан Таң патшалығы империя дәрежесіне көтерілгенде, көк түркілермен арада ұзақ уақытқа созылған жаугершілік заман болған. Тек, 712 жылы Қытайдың Сюан Цзун патшасы билік басына келгеннен кейін ғана екі ел арасында тату, көршілік қатынас орнайды. 715 жылы Түркі қағанатының билігін қолына алған Білге қаған ынтымақтастықты одан әрі дамытуға күш салады. Қағанның інісі Күлтегін де Түркі қағанатын қайтадан бір орталыққа бағынған күдіретті мемлекет етіп құруда әрі оны империя дәрежесіне көтеруде орасан зор еңбек еткен даңқты қолбасы еді. Қағанат қаһармандарының бірі Күлтегін 731 жылы желтоқсанның 19 күні сырқаттанып

дүние салады. Бұл күн түркілер үшін орны толмас қаралы күнге айналды, жылап-еңіреп аза тұтады. Қағанат бұл туралы бүкіл әлемге хабар салады. Бұл қаралы хабар шығысы – Қытайдың Таң империясы, батысы – Константинополь аралығындағы халықты дүр сілкіндірді. Білге қаған Таң императорына Күлтегіннің кешенін тұрғызуға сарай шеберлерін жіберуді сұрап хат жазып, арнайы елші жібереді.

Таң императоры Сюань Цзун Білге қағанға арнайы көңіл айту хатын өз қолымен жазып, мөрін басып, әскер қолбасшысының бірі Чжан Цюй мен арнайы өкілі Лю Сянь екеуін бас етіп, оларға 6 бәдізші шебер, 500 адамды қосшы етіп, 731 жылдың 29 желтоқсан күні аттандырады. Таң императорының өз қолымен көңіл хат жазып, қабырғасы қайысып жылап отырып не бәрі он-ақ күннің ішінде бес жүз адамды аттандыруы саяси аренада Түрк қағанатының қаншалықты ықпалды мемлекет болғанын білдірсе керек.

Император Сюань Цзунның хатын бәдізшілер сол күйінде өзгертпей Күлтегін ұстынына қашайды. Кешен 732 жылы қазан айында дайын болады. Күлтегіннің қайтыс болғанына бір жыл толған соң қазанның он тоғызында үлкен ас беріледі. Асқа батыстан – Рұм, Авар, Бұқар, Соғды, Тәжік; шығыстан – Кидан, Тивет, Қытайдан жүздеген ресми қонақтар “ой-бауырымдап” келді дейді тарихшылар. Бұлар алтын, күміс, ақық, гауһар, басқа да асыл тастарды, жібек-торғын дегендерді есепсіз көп әкеледі. Осылайша, Күлтегіннің асына батыс пен шығыстағы атағы бар елдердің бәрі жиылып қатысады. Күлтегін өлгенде оның төрт мың жылқысын, киім-кешегін, бұйымдарын, алтын-күмістерін, қазынасын елге шүлен таратқан.

Ерте орта ғасырда Орталық және Орта Азияда ұлы империя құрып, сол дәуірде әлемді аузына қаратып тұрған екі-ақ ел болды. Бірі – Қытайдың Таң империясы болса, екіншісі – Түрк қағанаты. Сол түркілер бүгінгі қазақ халқының тікелей ата-бабасы екенін соңғы жылдары жүргізген ғылыми зерттеулер толық анықтап отыр. Ол кезде Алтай жотасының оңтүстігінде арғулар (арғындар), Алтай, Тарбағатай бойында қарлұқтар, Батыс түрік қағанаты аталған түргештер (үйсін, дулаттың он тайпасы) және қаңлылар мекен еткен. Ерте орта ғасырдағы бұл тайпалар ұрпағы бүгінде қазақ ұлтын құрап отыр. Олар – шын мәнінде қазақ ұлтының этникалық мәйегі болатын.

Байырғы Түрк қағанаты заманында алты кіші орданы – алты алачу (алаш) деп атаған. Олардың құрамына Тоғыз-оғуз, қыпшақ, түргеш (он-оқ), отыз-оғыз, басмыл, қарлұқ тайпалары кірген. Осы алтауы бірігіп Түрік қағанатын құрған. Білге қаған қайтыс болғанда алты алаштың атын бірліктің, ынтымақтың белгісі ретінде тасқа қашап жазып қалдырған. Өкініші, кейінірек сол алты алаштың алауыздығынан қағанат құлаған, түрк халқы елдігін жойған. Осы алты алаш кейіннен “Ұраным Алаш, керегем ағаш” деп исі қазақтың ұранына айналған.

Шығыс Түрк, Батыс Түрк қағанаттарының құрамы негізінен қазақ руларынан тұрды. Көк түркілердің этномәдениеті, діні, дүниетанымы, этнопсихологиясы бүгінгі қазақтардың салт-дәстүрімен бірдей болғандығы бүгінде толық дәлелденіп отыр. Бұл туралы Л.Н.Гумилев: “Байырғы түркілердің салт-дәстүрі, киім-кешегі ХІХ ғасырдағы қазақтардан аумайды” - деп жазған еді. Моңғолиядағы Білге қаған ғибадатханасына күміс табаққа салып қойылған қойдың басы, жамбасы 12 мүшесімен табылды. Байырғы түркілер қағандарын жерлегенде басына сыбаға ретінде қойдың он екі мүшесін қоятын болған. Осы бір қонаққа бас, жамбас тарту салты түрк тектес халықтардың ішінде бүгінде тек қазақта ғана сақталып отыр.

Бүгінде Білге қаған мен Күлтегін кешеніндегі шарбақтастың дәл ортасына орнатқан киелі ағаш (бәйтерек) табылып отыр. Білге қаған мәтінінде “Таң империясынан Лисун Тай-сенгүн бастаған бес жүз сарбаз келді. ... Киелі орынға жұпар ағаш отырғызды. Санда ал ағаш алып келіп өздері отырғызды” деп тасқа қашап тұрып жазылған сөз бар. Беріректегі “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” жырында да киелі ағаш жер әлемнің кіндігі ретінде айтылады. Байырғы түркілер бәйтеректің тамыры жер астында, ұлы денесі жер үстінде, ағаштың иесі көкте немесе ғарыш әлемінде болады деп түсінген. Бәйтерек жер мен көкті

жалғастырушы, мәңгілік өскін ретінде байырғы түркілердің қасиетті символдарының бірі болған. Осы ұғым бүгінге дейін халықтың жадынан өшпей, жаңғырып жаңа заманға жетіп отыр. Оның жарқын бір мысалы – Астананың төріне орнатылған Бәйтерек ескерткіші деп білемін.

Ата тарихымызға, шежіремізге, тәрбие өнегесіне айналған байырғы түркі ескерткіштерінің жауынның, күннің астында, желдің өтінде қорғаусыз-күзетсіз, жанашырсыз-күтусіз соншама заманды өткізіп бізге жеткені таңқаларлық құбылыс. Өкініші, біз әлі күнге дейін бабалар жасап кеткен байтақ мұраны өз тарихымыз тұрғысынан зерттеп, пікірімізді айта алмай келеміз. Шетел зерттеушілері біздің тарихымызды өз мемлекетінің мүдделері тұрғысынан және өз таным-түсінігі деңгейінде ғана жазды. Оның үстіне жердің де, елдің де, тарихи тұлғаларымыздың да аттарын әбден шатастырып жіберді.

Сондықтан, “Орхон ескерткіштерінің толық Атласы” кітабында бұрынғы аудармашылардың қатесін түзеуге тырыстық. Жасыратыны жоқ, В.Радлов та, П.Мелиоранский де, кейінгі аудармашылар да түпнұсқадағы көп сөздерді қате түсінген, теріс аударған, кейбір сөздерді былай тұрсын, тұтас сөйлемдер аударылмай қалған. Мұның себебі, ол ғалымдар ескерткіштерді өздері білген түркі тілдерін икемдеп, тарихын, салт-дәстүрін, дүниетанымын, өзге де ерекшеліктерін жете білмеген. Ең бастысы, ол ғалымдар Түрік қағанатын тұтас мемлекет-империя деп мойындамады, тайпалар одағы ретінде қарастырды. Өйткені олар байырғы түркі өркениетін мойындағылары келмеді. Осының салдарынан көптеген саяси терминдер теріс аударылды.

Ұлы даланы еркін жайлаған бабаларымыз мемлекеттіліктің өзіндік үлгісін қалыптастырған. Мемлекеттік рәміздері, орталықтандырылған жүйесі, әскери құрылымы тұрғысынан түркі қағанаттары мемлекеттіліктің барлық шарттарына сай келетін еді. Аттың жалында өскен қаһарман халық Еуразия кеңістігіне толық ықпалын жүргізген, дала демократиясын орнықтырып, сөз бостандығы салтанат құрған. Дүниенің төрт бұрышын алған, әлемді аузына қаратқан. Мәңгілік ел орнатуды армандаған Тәңірден жаралған түркі қағандары мәңгі тасқа қашап: “Биікте көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істемі қаған отырған. Түркі халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. Дүниенің төрт бұрышы соларға қараған”, - деген сөзді жазып кеткен. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда түркілер аспан асты, жер үсті дүниенің төрт бұрышын түгел алған, көрші елдермен дипломатиялық (мәмілегерлік) қатынас орнатқан. Күндіз тыным таппай, түнде ұйықтамай, жерін ұлғайтып, ашты тойындырған, жалаңашты киіндірген, азды көп қылған, бәрін бейбіт етіп, ел-жұртын бақытты еткен. Басы барды – идірген, тізесі барды – бүктірген. Құдіретті қағанаттар құрған, әділеттік орнатқан. Мұны мемлекеттілік деп танымауға кімнің дәті барады?

Өкініші, бабалардың көзіндей болып бізге жеткен сол түркі ескерткіштері тілдік тұрғыдан әлі де жете зерттелмей келеді. Басқасын айтпағанның өзінде, орыс тілінде дайындалған көне түркі сөздігі жарық көргелі де жарты ғасырға жуық заман өтті. Одан бері Түркология ғылымында талай жаналықтар болды, алайда, солар ескеріліп, қайта сөздік жасалған жоқ. Түркі жазба ескерткіштерінде, аныртастарда жазылған жер-су атауларының да сөздігін жасайтын уақыт әлдеқашан жетті.

Бүгінде Мәскеудегі Кормушин мен Насиловты айтпаған күннің өзінде Алтай Аманжолов та қартайды. Ғұбайдолла Айдаров ағамыз өмірден озып кетті. Мен де жетпістен астым. Бұл мұраларды зерттейтін жастар бар ма? Оларды кім жетелейді? Мұны кім ойлайды, кім ұйымдастырады? “Орхон ескерткіштерінің толық Атласы” үлкен қажырлылықпен, қиындықпен шықты. Жалпы, Түркология кімге керек? Бүйте берсе, осында айтылып жатқанның бәрі иесіз далада қалмай ма? Сондықтан, ертең өкініш болмай тұрып, қазірден қам жасау керек.

Түркі қағанаты өз заманында алып империя болған. Беріректе Шыңғысхан да моңғол мемлекетін сол түркі рулары негізінде құрды. Мемлекеттік құрылымы, әскери әдіс-айласы,

ұрыс жүргізу тәсілдері бірдей болды. Байырғы Түркітер “Мәңгі ел” орнатуды армандаған. Көршілес елдермен де терезесі тең, дербес саясат жүргізген. Асыл мұраларын, ата тарихын тасқа қашап жазып кеткен халық әлемде онша көп емес. Эпос тудырған халық та көп емес. Мәселен, бүгінде халқының саны 1,5 миллиардтан асқан қытай эпос тудыра алған жоқ.

Мәңгілік ел орнатамыз деп шарқ ұрған, заманының ұлы империясы – түрік қағанатын құрып, келешекке осыншама байтақ жерді, сарқылмайтын, таусылмайтын байлықты, тозбайтын дәстүрді қалдырып кеткен Бумын, Істемі, Құтлығ, Білге қағандар да, абыз Тұй-ұқық та, айбынды Күлтегін де – бәрі де бабаларымыз еді. Байырғы түрік даналары иелік еткен жер де, дәулет те, қалыптасқан дәстүр де, ой-сана да ең алдымен қазаққа мирас. Түрік қағанатының, исі түрік әлемінің алтын қазығы да, ата-жұрты да, тарихи тұрағы да, этникалық тұрғыдан да, географиялық тұрғыдан да, қазақ жері, ұйытқысы, мәйегі бүгінгі қазақ халқын құраған ру-тайпалар. “Байырғы түріктердің тілін таза сақтап қалған тіл – қазіргі қазақ тілі” дегенді 19 ғасырда П.Мелиоранский жазып кетті. Орхон ескерткіштеріндегі толып жатқан байырғы сөздердің бүгінгі қазақ тілінде қаймағы бұзылмай сақталуы – әлігі айтылғандардың дәлелі. Бұл турасында мен 1967 жылы профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен жазып, қорғаған кандидаттық диссертациямда егжей-тегжейлі тоқталған болатынмын.

Бізді қуантатыны – кешегі түрік бабаларымыздың табаны тиген, ізі қалған, ерлігі мен өнегесі қалған Қазақстан бүгінде түркологияның орталығына айнала бастады. Мәселен, 2001 жылы Еуразия ұлттық университетінде “Байырғы түрік өркениеті: жазба ескерткіштер” халықаралық конференциясын өткіздік. Елбасы құттықтау сөз сөйледі. Иманғали бастап, мен қоштап университетке Күлтегін ескерткішінің көшірмесін әкелдік. Оған – Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов қатысты. Башқұртстаннан Мұстай Кәрімге қолқа салып сөйлескенімде ол денсаулығына байланысты келе алмайтындығын білдіріп рахмет айтты. Сол жолы Олжас арқаланып, әруақтанып сөйледі. Бұл шын мәнінде рухани құбылыс болды. Рухымызды дүр сілкіндіріп, санамызды сергітті.

Көп салалы Түркология ғылымы Еуропада туды, XX ғасырда Ресейде классикалық деңгейге көтерілді, Совет дәуірінде саясатқа айналды. Сөйтіп, әр республика өз Түркологиясын жасап, бұрынғы ғалымдарға, байырғы мұраларға түрік тектес халықтарды иттей ырылдастырып, таластырып қойды. “Түркі” деген жасанды терминді ойлап тауып, ата жұрт пен Анадолыдағы ағайындардың арасын алшақтатудың амалын жасап бақты.

Алайда, заманның бір қалпында тұрмай, өзгеріп отыратыны ақиқат. Заманмен бірге ұрпақ алмасады, құндылықтар ауысады. Мәселен кешегі ғасырлар бойы тарихымызды табанға таптаған Кеңестер Одағы құлайды деген үш ұйықтасақ түсімізге кірген жоқ. Әр дәуірдің өзіне тән қоғамы, адамы, тілі, ділі, діні болады. Мұны біз тарихтан жақсы білеміз. Білетіндердің айтуынша бір ұлттың тарихы 1200-1500 жыл ғана болады екен. Қазіргі таңда әлемде исі түрік кіндігінен жаралған 250 миллионнан астам халық бар. Ендігі жерде тегі бір, тарихы бір, діні бір, осы халықтардың арасында ықпалдастық, қарым-қатынастықты күшейте беруіміз керек. Ендігі жерде Түрік Парламентарилерінің кеңесі, Түріксоп, Түрік дүниесі Ақсақалдар кеңесі, Түрік академиясы секілді құрылымдар осы мақсатқа жұмыс істеуі керек. Уақыт, заман, дәуір тудырып отырған қолайлы жағдайды біз Түрік халықтарының ынтымағын арттыруға пайдалануымыз керек.

Соңғы жиырма жылда атқаралған жұмыстарға қарап Түрік тектес, Түрік тілдес мемлекеттері ынтымағының жаңа кезеңі, жаңа дәуірі басталды деуімізге әбден негіз бар. Келешекте исі түрік кіндігінен тараған ұрпаққа Түрік халықтарының ортақ тарихын оқытуды қолға алуымыз керек. Сонымен қатар байырғы түрік тілін ол халықтардың мәдениетімен, тарихымен тұтастықта зерттеу мен түрік халықтарына ортақ асыл мұралардың тізімін жасап, оларды қамқорлыққа алу мәселесін ел үкімет басшыларына ұсынуға тиіспіз.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Түрік халықтарының жазу тарихының музейі мен Түркология кафедрасының ашылуы ел руханиятындағы елеулі

оқиғалардың бірі деп ойлаймын. Сонымен қатар Түркология ғылымының тағдырына бейжай қарамайтын ғалымдар кезек күттірмес мынадай мәселелердің шешілуіне атсалысады деп ойлаймын:

1. Түркология институтын ашу;
2. Түрк халықтарының ортақ тарихын жазу. Оны түрк елдерінің жоғары оқу орындарында арнайы пән ретінде оқыту;
3. Түркология саласынан кадрларын дайындау. Қазақ-түрік халықаралық университетін жаңа сапалық деңгейге көтеру;
4. Көне түрк сөздігінің Атласын дайындау;
5. Өз тілінен, дінінен, мәдениетінен айырылып бара жатқан шағын халықтардың жастарын оқытуға арнайы квота бөлу мәселесін шешу;
6. Түрк Академиясы халықаралық дәрежедегі ғылыми зерттеу орталығына айналдыру.

Қазақ жеріндегі тарихи мәні бар ескерткіштердің бәрі халқымыздың ежелгі заманнан бері біртұтас ұлт екендігінің қасиетті символдары, халықты ұйыстырушы қасиетті орындар болып табылады. Осындай қасиетті жерлерді ұлықтау мен насихаттау арқылы біз мемлекеттігіміздің тарихын мыңдаған жылдарға тереңдете аламыз. Бұл нышандар болашақ ұрпақтың өз тарихын танып-білуінің басты тармағы болуы керек.

Жылдар жылжып, уақыт өткен сайын Тәуелсіздігіміздің мәні жарқырай ашылып, маңызы арта түсуде. Қол жеткен табыстар мен жеткен жетістіктер де баршылық. Олардың қатарында еліміздің рухани әлемінің дамуындағы бірден-бір үлес болып табылатын, ұлттық мәні зор “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының алатын орны ерекше. ЮНЕСКО тарапынан да, бұл – дүниеде сирек кездесетін жоба, басқа елдерге де өнеге болатын құжат деп белгіленді.

Бүгінгі таңда “Мәдени мұра” бағдарламасы біздің республикамыздың мәдени-тарихи қазынасына өзінің орасан зор үлесін қосып отыр. Бағдарлама аясында соңғы жылдары түркология саласына ерекше көңіл бөлініп, бірқатар игі істер атқарылды. Бізді қуантатыны – кешегі түрік бабаларымыздың табаны тиген, ізі қалған, ерлігі мен өнегесі қалған Қазақстан бүгінде түркологияның орталығына айнала бастады.

Ежелгі заманнан бастап ұлан-ғайыр қазақ жері бүкіл еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі және рухани қазығы болып келді. Сондықтан да бүгін баршаңыз қатысып отырған түркологиялық симпозиумның Қазақстанда өткізілуі кездейсоқтық емес. Бүгінгі түркологиялық симпозиумның өзектілігіне келер болсақ:

– ғасырлар тоғысындағы түрк мәселесіне деген қызығушылықтың барған сайын арта түсуінде, өткен ғасырларда жинақталған бай тарихи дереккөздер мен археологиялық жәдігерлерге қарамастан Түрк кезеңіне қатысты тарихтың көптеген мәселелері әлі де терең зерттеуді қажет етеді әрі дүниежүзі ғалымдарының арасындағы көптеген пікірталастар әлі күнге шешімін тапқан жоқ;

– қазіргі адамзат өмірінің аса маңызды салаларындағы жаһандану мен интеграциялану үдерістері ұлттар мен халықтардың өзін өзі таныту, мәдениетін, тілін, тарихын сақтау мен дамыту мәселелері өткір тұр.

Бүгінгі жиынның негізгі өзегі бұл – Түрк әлемінің жалпы түрк мемлекеттерінің ішкі және сыртқы саясаты, экономикалық және әскери-стратегиялық экспансия арасындағы, түрк халықтарының тілдік және рулық-тайпалық бірлігі арасындағы үйлесімді тепе-теңдіктің бірегей үлгісі екендігі.

Симпозиум Түрк әлемі мен Қазақстан жеріндегі түрк халықтарының мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуы барысын қайта қарау арқылы, дүниежүзі тарихында, сондай-ақ Еуразия халықтарының тарихымен өзара байланысы аясында Түрк халықтарының археологиялық, этнографиялық және архитектуралық ескерткіштері мен мәдени мұраларын теориялық және тәжірибелік тұрғыда қайта қалпына келтіруге бағытталған мәселелерді шешуде ғалымдар, түрлі мемлекеттердің жетекші мамандары арасында диалог орнату мен жаңа идеяларын іске асыруға мүмкіндік береді деп сенемін.